

**Бірлестік тақырыбы: «Білім беру үдерісінде жаңартылған білім беру мазмұны бағдарламасы аясында белсенді әдістерді меңгере отырып, оқушылардың білім сапасын арттыру, өздігінен білім алуға үйрету»**

**Мақсаты:**

1. Мұғалімнің кәсіби шеберлігінің шыңдалып өсуіне, жан-жақты жетілуіне бағыт-бағдар беру, жағдай туғызу арқылы жаңа педагогикалық технологияларды енгізу.
2. Жан-жақты дамыған, өзіндік танымдық дағдылары қалыптасқан, шығармашылық қабілетті жеке тұлғаның ауызша және жазбаша тілін даимдыты бойынша жүргізілетін жұмыстың озық әдіс-тәсілдерін тиімді пайдалану.
3. Оқушылардың ауызша тілін дамыту арқылы мемлекеттік тілде сөйлейтін орта қалыптастыру.

**Күтілетін нәтижелер:**

1. Жаңа педагогикалық технологияларды меңгерген білімді педагог
2. Ақпараттық- коммуникациялық құралдардың көмегімен жүргізілген сан алуан жұмыстардың нәтижесі
3. Мемлекеттік тілде ауызша сауатты сөйлей білетін, жазбаша сауатты жаза білетін тұлға.

Оқушылардың білім деңгейі артады. Оқушылар мен педагогтардың әртүрлі конкурстарға қатысу нәтижелілігі жоғарылайды. Әр оқушының өзіндік дамуын анықтауына, кәсіби бағдарлануына жағдай жасалды. Мұғалімдердің оқушылардың ақпараттық сауаттылығы артады.

Ағылшын тілі пәні әдістемелік бірлестігінде 5 мұғалім жұмыс атқарады, оның ішінде 1 мұғалім жоғары санатты, педагог-модератор, 3 мұғалім санатсыз (жас маман), 2 мұғалім педагог-модератор. Ағылшын тілі әдістемелік бірлестігі 2022-2023 оқу жылына арналған жоспары жасалып, оны мектеп директоры бекітті.

**I. Ағылшын тілі бірлестігінің пән мұғалімдері туралы мәлімет**

№	Аты-жөні	Туылған жылы, айы, күні	білімі	Бітірген оқу орны	мамандығы	Шығармашылық тақырыбы	Сағат саны
---	----------	-------------------------	--------	-------------------	-----------	-----------------------	------------

1	Ажибекова Гулзабира Рамазанов на	16.10.1991ж 9110164011 43	Жоғары	ХКТУ	Ағылшын тілі	Ауызекі тілде сөйлеу	9
2	Бабашева Найля Абайқызы	01.10.1984ж 8410014014 13	Жоғары	ШУ	Ағылшын тілі	Ағылшын тілі сабағында диалогтік оқыт	9
3	Әлдин Еркебұлан Есімханұл ы	27.05.2000ж	орта	ТГТК	Ағылшын тілі	Ағылшын тілін дамыту	8
4	Жакупова Гульжанат Жагапаров на	26.09.1986ж	жоғары	ХГТУ	ШЕТЕЛ ТІЛІ	Ағылшын тілінде сөйлеуді дамыту	12
5	Ағалова Жансая Сейяханқы зы	22.01.1994ж 9401224012 91	жоғары	АӘИУ	Шетел тілі	Ағылшын тілінде сөздік қорын дамыту	9

II. Оқу бағдарламасының орындалуы: 2022-2023 оқу жылында ағылшын тілі пәні бірлестігі мемлекеттік білім стандартын басшылыққа ала отырып, оқу бағдарламасы бойынша ағылшын тілі пән мұғалімдерінің күнтізбелік жоспарлары әзірленді. Барлық жұмыс жоспары бірлестік отырысында қаралып, талқыланды. Мемлекеттік білім стандарты негізінде жасалған оқу бағдарламасы ағылшын тілі пәні бойынша 2,3,4 –сыныптарда 72 сағат, ағылшын тілі пәні бойынша 5,6,7,8,9 сыныптарда 108 сағат, 10-11 сыныптарда 108 сағат өтілді. Оқу жылы басында оқу бағдарламасы негізінде жасалған жылдық өндірістік жоспары толық орындалды. 2022-2023 оқу жылы бойынша барлық сыныптар 100 пайыз үлгерімге жетті. Оқу жылының жылдық қорытындысы бойынша оқу үлгерімі: бастауыш сыныптардағы ағылшын тілінен орта балы -3,9 білім сапасы 69 пайызды көрсетті, жоғары сыныптардың ағылшын тілі мен әдебиетінен орта балы -4, білім сапасы 75 пайыз болды.

III. Іс-шаралар және ашық сабақтар.

2022-2023 оқу жылында ағылшын тілі әдістемелік бірлестігінің тіл мерекесіне орай апталығы болып өтті. Апталықта барлық сыныптар қамтылды. Ашық сабақтар, сыныптан тыс іс-шаралар, сайыстар өткізілді. Ағылшын тілі пәнінің

мұғалімі Г. Ажибекова 5а-сыныпта «Unit revision» тақырыбында ашық сабақ өтті.

«Journey to the world of fairy tales» тақырыбында сурет салу, сөзжұмбақтар жасап шығару болды. Сонымен қатар 6-сыныпқа Бабашева Найля «Review. Unit 5» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Апталық қорытындысында марапаттаулар болды.

Әлдін Еркебұлан «Weather» тақырыбында ашық сабақ өткізді.

Сонымен қатар Жакупова Гулжанат «Second Conditional» тақырыбында ашық сабақ өткізді. 2-11 жаңартылған сыныптарда бөлім бойынша және тоқсандық жиынтық бағалаулар алынып, күнделікке толық бағалары қойылды. Ағылшын тілі пәні бойынша тоқсандық қорытынды 3,9 балл.

### **Жетістіктеріміз:**

Қалалық оқушылар арасындағы пәндік олимпиадаға оқушылар дайындалып, қатыстырылды. Қалалық мұғалімдер арасындағы пәндік олимпиадаға 1 мұғалім қатысты. Жас ұрпаққа заман талабына сай сапалы білім беру лингвистикалық аудан аралық олимпиададан 9- сынып оқушысы Абдрей Арша 3 орын алды. 5-6 сыныптар арасында өткен пәндік олимпиададан ауданнан Ғайса Үміт 2 орынға иеленді. Пән мұғалімі Бабашева Найля.

Пән жетекшісі АЛҒЫС ХАТпен марапатталды.

«Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл» тақырыбында өткен сырттай эссе байқауының аудандық кезеңі бойынша Ажибекова Гулзабира III орынмен марапатталды.

Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық «Мектеп» журналына жұмысы жарияланып, Ажибекова Гулзабира Алғыс хат, Сертификатпен марапатталды.

**Кемшіліктеріміз:** Облыс көлемінде пәндік олимпиада бойынша орын алмауымыз, қалалық пән мұғалімдері арасында өтілген олимпиададан орын алмауымыз.

**Шығу жолдары:** Оқушылардың өткен сабақта алған білімі, мұғалім оқушылардың білімін тексергеннен кейін өзіне қандай пайдалы нәрсе алды, оқушылардың білім деңгейі, олардың қалаулары және әлеуеттері, оқушылардың қажеттіліктері. Сабақ осындай ақпаратты ескере отырып жоспарлануы керек. Пән мұғалімдері, жас мамандардың кәсіби өсуіне ықпал жасау жұмыстарын

жандандыруу кажет. Калалык мектептердегі тәжірибелі мұгалімдермен әліс алмасу, практикалык семинарларга жиі катысу.

**Ұсыныс:**

- Жаңа 2022-2023 оқу жылында сабак түрлерін түрлендіріп өтті;
- Дарынды және белсенділігі жоғары оқушылармен жұмыс жүргізіп, калалык, облыстык, республикалык олимпиадалардан жүдделі орындар алу;
- Үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмысты жандандыру;
- Түрлі сайыстар өткізіп, оқушылардың пәнге кызығушылығын арттыру;
- Оқушылардын ауызекі сөйлеуін дамыту;
- Іс-тәжірибелер жинақтап, қала көлеміне таратуға ұсыну;

Мектеп директоры

ӘБ жетекшісі



*С. Шокаманов*

*Г. Ажибекова*

С. Шокаманов

Г. Ажибекова